

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 805 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 47, 586-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі туралы ережеде:

1 1 - т а р м а қ т а :

2) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың мемлекеттік саясатын жүргізуді әзірлеу және жүзеге асыру, инвестицияларды тартуға және бәсекелестікті қорғауға жәрдемдесу;"

"10) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту әрі жеке сектордың инвестициялық белсенділігі саласындағы стратегиялық функциялар:

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларын орындауды ұйымдастыру және үйлестіру;

жеке сектордың инвестициялық белсенділігін ынталандыру және Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды әзірлеу және үйлестіру;

жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және оларға кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеу;

кәсіпкерлік ортаға, жеке кәсіпкерлікті дамытудың инвестициялық ахуалына және инфрақұрылымына талдау жүргізу;

жеке кәсіпкерлік қызметінің салаларында зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;

республика өңірлерінде шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын

калыптастыруға және дамытуға ықпал ету;
шағын кәсіпкерлік саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғауға бағытталған заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
жеке кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;
инвестициялық міндеттемелердің орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөнінде шаралар әзірлеу;
инвестицияларды өзара қорғау және көтермелеу мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту бөлігіндегі инвестициялық ахуалды жетілдіру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ инвестициялық преференцияларды беру үшін қызметтің басым түрлерінің тізбесін айқындау;
орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптамалық кеңестердің қызметін үйлестіру;
инновациялық, инвестициялық және индустриялық дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруда шағын кәсіпкерліктің қатысуы үшін жағдай жасау;
жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелеріндегі инвесторлар, грант беруші халықаралық ұйымдар үшін жағдай жасау;
шағын кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмек ұйымдастыру;
жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) халықаралық нарығына шығуы үшін жағдай жасау;
жеке кәсіпкерлікті дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насихаттау;"

12-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары жол беретін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін регламенттейтін заңнамасының бұзылуы туралы ақпарат беруге;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК